

## Нашақорлықпен күрес жөніндегі аудандық комиссия туралы.

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Май ауданы әкімшілігінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 58/1 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 5 мамырда N 2434 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 182/8 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 182/8 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 17 тармақшасына сәйкес және аудан аумағында нашақорлықтың таралуына жол бермеу мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Нашақорлықпен күрес жөніндегі аудандық комиссия құрылып, заңнамаға сәйкес құрамы аудандық мәслихатқа бекітуіне ұсынылсын.

2. Нашақорлықпен күрес жөніндегі аудандық комиссиясының Ережесі б е к і т і л с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Закирьяновқа жүктеледі.

*Аудан әкімі Т. Мүбәраков*

М а й а у д а н ә к і м д і г і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 6 с ә у і р д е г і  
" Н а ш а қ о р л ы қ п е н к ү р е с  
ж ө н і н д е г і а у д а н д ы қ к о м и с с и я  
т у р а л ы " N 5 8 / 1 қ а у л ы с ы м е н  
б е к і т і л г е н

**Н а ш а қ о р л ы қ п е н к ү р е с ж ө н і н д е г і  
а у д а н д ы қ к о м и с с и я с ы н ы ң  
Е Р Е Ж Е С І**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Нашақорлықпен күрес жөніндегі аудандық комиссиясы (бұдан әрі комиссия) ауданда нашақорлықпен күрес жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырушы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының басқа да Заңдарына, өкілетті және атқарушы

органдардың нормативтік-құқықтық актілеріне, сол сияқты осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

## **2. Негізгі мақсаты**

3. Ауданда нашакорлық пен есірткінің таралуына қарсы тиімді іс-қимыл жұмыстарын жүргізу.

## **3. Комиссияның міндеттері**

4. Комиссия жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың қарауына мынадай ұсыныстар енгізеді:

- 1) Есірткі, психотроптық заттарының айналымына бақылауды күшейту
- 2) Есірткі, психотроптық заттарының заңсыз айналымына қарсы жұмыстарын жетілдіру.
- 3) Нашакорлықпен күрес жөніндегі жұмыстарды күшейту.

## **4. Комиссияның өкілеттігі**

5. Комиссия өкілетті:

- 1) Аудан аумағындағы нашакорлық пен күрес жөніндегі жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдармен жұмыс жасауға;
- 2) Заңнамаларда белгіленген тәртіптерге сәйкес өз өкілеттігіне қарай басқадай іс-шараларды өткізуге.

## **5. Комиссияның құрамын және қызметін ұйымдастыру**

6. Комиссия құрамы:

- 1) Комиссия төрағасы
- 2) Комиссия төрағасының орынбасары
- 3) Комиссияның жұмысшы органдары аудандық ішкі саясат бөлімі болып табылады.
- 4) Жұмыс жоспарларын комиссия белгілейді.
- 5) Комиссия мүшелерінің көпшілігі қатысса, шешім қабылданған болып саналады. Дауыстар тең түскенде, комиссия төрағасы дауыс берген, шешім қабылданған болып есептеледі. өткізілген комиссия мәжілісінің қорытындысы бойынша мәжіліске қатысушы комиссия мүшелерінің қолдары қойылған хаттама жазылады.